

**«Ломбард Партнер Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің**  
**Микрокредиттер беру ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. «Ломбард Партнер Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің осы Микрокредиттер беру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-Заң), «Микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәнін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы №209 қаулысына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді және «Ломбард Партнер Казахстан» ЖШС-ның (бұдан әрі – Ломбард) микрокредиттер беру тәртібі мен негізгі шарттарын айқындайды.

1.2. Осы Қағидалар мынадай мәліметтер мен рәсімдерді қамтиды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібі;
- 2) микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері;
- 3) берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамасы;
- 4) берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі;
- 5) Ломбард қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын кепіл зат талаптары;
- 6) Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережесі;
- 7) микрокредитті өтеу әдістері;
- 8) микрокредит берудің өзге шарттары.

1.3. Осы Ережелермен Ломбардтың микрокредиттер беруінің жалпы стандартты шарттары белгіленген. Микрокредит берудің егжей-тегжейлі шарттары Ломбардтың Қарыз алушыларымен жасалатын тиісті Кепіл билеттерінде белгіленеді.

1.4. Ломбардтың Қарыз алушылары тек жеке тұлғалар бола алады.

1.5. Микрокредитті Ломбард Қарыз алушыға ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен теңгемен қолма-қол ақшамен беріледі.

1.6. Осы Ережелер ашық ақпарат болып табылады және Ломбардтың Қарыз алушыларына (өтініш берушілеріне) олардың бірінші талабы бойынша танысу үшін ұсынылады. Ереженің көшірмесі Ломбардтың Қарыз алушысының (өтініш берушінің) көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде Ломбардтың [www.lombard-partner.kz](http://www.lombard-partner.kz) интернет-ресурсында орналастырылады.

1.7. Қарыз алушы Кепіл билетіне және Шартқа қосылу туралы өтінішке (осы Ереженің 3.1-т.) қол қоя отырып қосылатын шарттың стандартты талаптары Ломбардтың [www.lombard-partner.kz](http://www.lombard-partner.kz) сайтында орналастырылған.

**2. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі.**

2.1. Өтініш беруші микрокредит алу үшін Ломбард бөлімшесіне өзі жүгінеді, жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді және өзіне тиесілі мүлікті микрокредитті алуға ниеттенген, атап айтқанда, алтыннан жасалған бұйымды немесе кепілге қойылатын көлік құралы ұсынады.

2.2. Ломбардтың қызметкері Ломбард бекіткен тәртіпке және бағаларға сәйкес мүлікті қарап, бағалайды, содан кейін алуға болатын микрокредит сомасын айтады.

- 2.3. Өтініш беруші оған алуға болатын айтылған сома шегінде қолына алуға қажетті соманы айтады және микрокредит алуға өтініш береді.
- 2.4. Ломбардт қызметкері оң шешім қабылданған жағдайда микрокредит беру туралы шартты ресімдейді.
- 2.5. Ломбард өтініш берушіге микрокредитті түсіндірместен микрокредит беруден бас тартуға құқылы, ал өтініш беруші шарт жасасудан бас тартуға құқылы.
- 2.6. Шарт жасасқанға дейін Ломбардтың қызметкері:
  - 2.6.1. өтініш берушіні осы Ережемен таныстырады, олардың Ломбардт ғимаратында, көруге болатын жерде, сондай-ақ Ломбардтың [www.lombard-partner.kz](http://www.lombard-partner.kz) сайтында орналасқандығын хабарлайды, Ломбардтың микрокредиттер беру тарифтерімен таныстырады.
  - 2.6.2. өтініш берушіге микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабарлайды.
  - 2.6.3. өтініш берушіге Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген микрокредиттерді қоспағанда, микрокредитті өтеу әдістерімен танысу және таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестесінің жобасын ұсынады.
  - 2.6.4. өтініш берушіге микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және дұрыс ақпарат береді.

### **3. Микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібі**

- 3.1. Микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі-Шарт) Қарыз алушы мен Ломбард арасында Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен қарыз алушының қосылу туралы өтінішке (кепіл билеті) қағаз жүзінде екі данада, тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден қол қоюы арқылы жасалады. Қарыз алушының Кепіл билетіндегі қолы Қарыз алушының Шартты қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз толық көлемде оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын және оған тұтастай қосылғанын көрсетеді.
- 3.2. Өтініш беруші Ломбардқа Шарт жасасу үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде:
  - 3.2.1. өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын (жеке басын сәйкестендіргеннен кейін құжат өтініш берушіге қайтарылады);
  - 3.2.2. Қарыз алушының дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін;
  - 3.2.3. Қарыз алушының кредиттік есепті алушыларға және ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге келісімді;
  - 3.2.4. Қарыз алушының ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға және ішкі істер органдарына беруге келісімді;
  - 3.2.5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтау үшін қажетті мәліметтерді ұсынады.

### **4. Микрокредит берудің шекті сомасы мен мерзімі.**

- 4.1. Ломбард тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредиттер береді.
- 4.2. Микрокредиттер берудің шекті мерзімі – 12 (он екі) айға дейін.
- 4.3. Тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшердегі бір микрокредиттің мерзімі күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен аспайды.
- 4.4. Тараптардың келісімі бойынша Шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы немесе жақсарту талаптарында ұлғайтуға (ұзартуға) болады.
- 4.5. Микрокредитті өтеудің стандартты мерзімі микрокредит берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күнді құрайды және Шартта көрсетіледі.

## **5. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің шекті шамалары.**

5.1. Микрокредиттер бойынша сыйақының тиісті қаржы жылына белгіленген елу еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шекті мәні 20%-ды (жиырма пайызды) құрайды.

5.2. 12 (он екі) айға дейінгі мерзімге берілетін, мөлшері ағымдағы қаржы жылына белгіленген 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын микрокредиттер бойынша сыйақының шекті мөлшерлемесі жылдық 56%-дан (елу алты пайыз) аспайды.

5.3. Сыйақы мөлшерлемесі кредиттік өнімге және микрокредит сомасына байланысты ерекшеленеді. Әрбір Кепіл билетінде сыйақы мөлшерлемесі немесе сыйақы мәні (Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көзделген микрокредиттер бойынша) және микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі.

## **6. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі.**

6.1. Қарыз алушы микрокредитті пайдаланғаны үшін Кепіл билетінде белгіленген мөлшерде және мерзімде сыйақы төлейді.

6.2. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу Кепіл билетіне қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6.3. Есептелген сыйақыны толық өтеген жағдайда микрокредитті ішінара, мерзімінен бұрын өтеуге жол беріледі. Бұл ретте микрокредитті одан әрі пайдаланғаны үшін сыйақы негізгі борыш сомасының қалдығына есептеледі.

## **7. Ломбард қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын кепіл зат талаптары.**

7.1. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауы кепілмен қамтамасыз етіледі.

7.2. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде үшінші тұлғалардың заңды талаптарынан бос өтімді жылжымалы мүлік қабылданады.

7.3. Кепіл беруші тек меншік иесі бола алады. Кепіл беруші бір мезгілде қарыз алушы болуы тиіс.

7.4. Микрокредитті қамтамасыз ету ретінде Ломбард мынадай мүлікті қабылдауға құқылы:

7.4.1. Зергерлік бұйымдар және бағалы металдардың сынықтары;

7.4.2. Техникалық жарамды күйдегі техника;

7.4.3. Тәркіленген және Қазақстан Республикасының заңнамасында Ломбард кепілге қабылдауға тыйым салынған азаматтық айналым объектілерін қоспағанда, өзге де жылжымалы мүлік.

7.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеуге жататын мүлік кепілі жылжымалы мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуге тиіс.

7.6. Қарыз алушы Кепіл билетіне қол қоя отырып, Ломбардтың кепіл мүлкін, оның ішінде сауда-саттық өткізбей-ақ соттан тыс өткізуге өз келісімін береді.

## **8. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережесі.**

8.1. Микрокредит бойынша анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (бұдан әрі – ЖТСМ) болып табылады.

8.2. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

8.3. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұнда:

- n - қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;
- j - қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;
- $S_j$  - қарыз алушыға J-ші төлем сомасы;
- APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;
- $T_j$  - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);
- m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;
- i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;
- $P_i$  - қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;
- $t_i$  - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

8.4. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның мәні бір ондық белгіден көп болса, ол ондық бөлшекке дейін дөңгелектенуге тиіс:

1) егер жүздік бөлшек 5-тен көп немесе тең болса, ондық бөлшек 1-ге ұлғайтылады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады;

2) егер жүздік бөлшек 5-тен аз болса, ондық бөлшек өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады.

8.5. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне қарыз алушының оның микрокредит беру туралы шарттың негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша талаптарын сақтамауынан туындаған төлемдерін (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, қарыз алушының барлық төлемі кіреді.

## 9. Микрокредитті өтеу әдістері

9.1. Қарыз алушы таңдаған микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісі Кепіл билетіне қосымша болып табылатын микрокредитті өтеу кестесінде белгіленеді.

9.2. Ломбард 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға Кепіл билетін жасасқанға дейін Қарыз алушыға танысуға микрокредитті өтеу әдісін таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады. Ломбард микрокредиттерді өтеудің мынадай: аннуитеттік, сараланған және қосымша әдістерін қолданады.

9.2.1. сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

9.2.2. сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады; Бірінші және соңғы төлем мөлшерлері бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін.

9.2.3. төлемдерді өтеудің қосымша әдісі (30 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге микрокредиттер бойынша – микрокредит мерзімінің соңындағы біржолғы төлем, 30 күнтізбелік күннен астам мерзімге – микрокредит мерзімінің соңында негізгі борышты өтей отырып, ай сайын сыйақы).

9.3. Осы Ереженің 9.2-тармағында көрсетілген шарттар сомасы 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем және микрокредит беру мерзімі 45 күнтізбелік күннен аспайтын Ломбард беретін микрокредиттерге қолданылмайды. Бұл жағдайда Ломбард төлемдерді өтеудің қосымша әдісін қолданады.

## **10. Төлемге қабілетсіз Қарыз алушылармен жұмыс істеу бойынша жалпы талаптар**

10.1. Ломбард Қазақстан Республикасының заңнамасы жағдайындағы және Шартта белгіленген тәртіппен берешекті өндіріп алуды жүзеге асырады.

10.2. Шарт бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу мақсатында Ломбард Шартта көзделген мерзімдер мен тәсілдерге сәйкес міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және Шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі, Қарыз алушының Ломбардқа жүгіну құқығы, сондай-ақ Қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы Қарыз алушыны хабардар етеді.

10.3. Заңның 9-2-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған, сондай-ақ Шарт бойынша Қарыз алушы Заңның 9-2-бабының 2-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не Қарыз алушы мен Ломбард арасында Шарттың талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда Ломбард Заңда және шартта көзделген шараларды қолданады.

10.4. Кепіл затын өткізу, сондай-ақ кепілі міндетті тіркелуге жататын мүлікті қоспағанда, мұндай мүліктің Ломбардтың меншігіне Кепіл билеті бойынша өтуі микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін бір айдан кейін сауда-саттық өткізілместен жүзеге асырылуы мүмкін.

10.5. Міндетті тіркеуге жататын кепіл затын өткізу жағдайында микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін бір айдан ерте емес, жария сауда-саттық өткізу арқылы жүзеге асырылады. Міндетті тіркелуге жататын кепіл нысанасы сауда-саттық басталған күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде жария сауда-саттықта сатылмаған жағдайда, кепіл заты ломбардтың меншігіне өтеді.

## **11. Клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі**

11.1. Клиенттер Ломбард қызметіне байланысты қызметтерді көрсету барысында туындаған мәселелер бойынша шағымдармен және ұсыныстармен Ломбардқа жүгінуге құқылы:

1) жазбаша нысанда, өтінішті қолма-қол, пошта байланысы немесе электрондық поштаға бере отырып ұсынады. Жазбаша өтінішті қолма-қол берген кезде Ломбард өтініштің көшірмесіне оның қабылданғанын растайтын белгі қояды;

2) Байланыс орталығының телефондары арқылы немесе Ломбардқа тікелей барған кезде ауызша нысанда жүзеге асырылады. Ломбардқа ауызша түрде түскен өтініштер дереу қаралады және егер мұндай мүмкіндік болса, Клиенттің ауызша өтінішіне дереу жауап беріледі. Егер ауызша өтінішті дереу шешу мүмкін болмаған жағдайда, оны клиент жазбаша нысанда баяндайды және онымен жазбаша өтініш сияқты жұмыс жүргізіледі. Клиентке жауап алу үшін қажетті рәсімдер және осындай өтініштерді қарау мерзімдері туралы хабарланады.

11.2. Клиенттердің жазбаша / ауызша өтініштерін Байланыс орталығы/Кеңсе міндетті түрде қабылдауға және тіркеуге, сондай-ақ Ломбард басшылығының, уәкілетті тұлғалардың және Ломбардтың жауапты қызметкерінің (қызметкерлерінің) қарауына жатады.

11.3. Клиенттің өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан қосымша ақпарат және мәліметтер алуды не жергілікті жерге барып тексеруді талап етпейтін жазбаша/ауызша өтініші Ломбардқа келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қаралады.

11.4. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін Клиенттің жазбаша/ауызша өтініші Ломбардқа келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.

11.5. Жазбаша өтінішті қосымша зерделеуді немесе тексеруді жүргізу қажет болған кезде, қарау мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Бұл ретте Ломбардтың өтінішті қарауға жауапты қызметкері клиенттің мекен-жайына жазбаша түрде не егер өтініш электрондық байланыс арналары арқылы келіп түскен жағдайда (жауап жіберу фактісін растайтын факс, электрондық пошта) өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы хабарлама жібереді. Қарау мерзімін ұзарту туралы Клиентке хабарлама өтінішті қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде жіберіледі.

11.6. Клиенттің өтініштерін қарау кезінде Ломбард объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды, сондай-ақ қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы Клиентті хабардар етуді қамтамасыз етеді. Клиенттің өтініші негізді және заңды болған жағдайда Ломбард бұзушылықты жою және Клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

11.7. Қарау нәтижелері туралы Клиентке жазбаша жауап мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде ресімделеді, оған Ломбардтың уәкілетті адамы қол қояды және жазбаша өтініштерді тіркеу журналында тиісті белгіні көрсете отырып, Клиентке почта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберіледі немесе Клиент Ломбардқа келген кезде қолын қойғызып, жеке қолына тапсырылады. Ломбардқа электрондық пошта арқылы жүгінген Клиентке жазбаша жауап оған сондай-ақ оның өтінішінде көрсетілген электрондық мекенжайға электрондық пошта арқылы жіберіледі.

11.8. Ауызша, жазбаша немесе электрондық шағыммен жүгінетін адам Ломбард қызметкерлері және оның қызметі туралы жалған мәліметтер мен жала жапқаны үшін дербес жауап береді.

## **12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

12.1. Ереженің көшірмесі Ломбардтың Қарыз алушысының (өтініш берушінің) көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде, сонымен қатар Ломбардтың [www.lombard-partner.kz](http://www.lombard-partner.kz) интернет-ресурсында орналастырылады.

12.2. Қарыз алушы Кепіл билетіне (осы Ереженің 3.1-т.) қол қоя отырып қосылатын микрокредит беру туралы шарт Ломбардтың [www.m-lombard.kz](http://www.m-lombard.kz) сайтында орналастырылады.

12.3. Ломбард біржақты тәртіппен осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

12.4. Осы Ережеге кез келген өзгерістер мен толықтыруларды Ломбардтың жалғыз құрылтайшысы бекітеді.

12.5. Егер осы Ереженің жекелеген нормалары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін болса, олар күшін жояды және Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормалары қолданылады. Осы Ереженің жекелеген нормаларының жарамсыздығы тұтастай басқа нормалар мен Ережелердің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

12.6. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Ломбардтың ішкі құжаттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ қаржы нарығындағы кәсіби қызметтің жалпы қабылданған стандарттарына сәйкес шешілуге жатады.

12.7. Осы Ереже 01.10.2021 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі. Осы Ереже қолданысқа енгізілген күннен бастап Ломбардтағы 30.11.2020 жылғы микрокредиттер беру Ережесінің күші жойылды деп танылады.

**Правила предоставления микрокредитов  
товарищества с ограниченной ответственностью «Ломбард Партнер Казахстан»**

**1. Общие положения**

- 1.1. Настоящие Правила предоставления микрокредитов товарищества с ограниченной ответственностью «Ломбард Партнер Казахстан» (далее Правила) разработаны в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности» (далее Закон), Постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 26 ноября 2019 года №209 «Об установлении предельного значения вознаграждения по договору о предоставлении микрокредита», иными нормативными актами Республики Казахстан и определяют порядок и основные условия предоставления микрокредитов ТОО «Ломбард Партнер Казахстан» (далее Ломбард).
- 1.2. Настоящие Правила содержат следующие сведения и процедуры, включая, но не ограничиваясь:
- 1) порядок заключения договора о предоставлении микрокредита;
  - 2) предельные суммы и сроки предоставления микрокредита;
  - 3) предельные величины ставок вознаграждения по предоставляемым микрокредитам;
  - 4) порядок выплаты вознаграждения по предоставленным микрокредитам;
  - 5) требования к принимаемому Ломбардом обеспечению;
  - 6) правила расчета годовой эффективной ставки вознаграждения по предоставляемым микрокредитам;
  - 7) методы погашения микрокредита;
  - 8) иные условия предоставления микрокредита.
- 1.3. Настоящими Правилами установлены общие стандартные условия предоставления микрокредитов Ломбардом. Детальные условия предоставления микрокредита устанавливаются в соответствующих Залоговых билетах, заключаемых с Заемщиками Ломбарда.
- 1.4. Заемщиками Ломбарда могут быть только физические лица.
- 1.5. Микрокредит предоставляется Ломбардом Заемщику наличными деньгами в тенге, на условиях платности, срочности и возвратности.
- 1.6. Настоящие Правила являются открытой информацией и предоставляются Заемщикам (заявителям) Ломбарда для ознакомления по их первому требованию. Копия Правил размещается в месте, доступном для обозрения и ознакомления Заемщиком (заявителем) Ломбарда, в том числе на интернет ресурсе Ломбарда [www.lombard-partner.kz](http://www.lombard-partner.kz)
- 1.7. Стандартные условия Договора, к которому Заемщик присоединяется подписывая Залоговый билет и заявление о присоединении к договору (п. 3.1. настоящих Правил размещены на сайте Ломбарда [www.lombard-partner.kz](http://www.lombard-partner.kz)

## **2. Порядок подачи заявления на предоставление микрокредита и порядок его рассмотрения.**

- 2.1. Заявитель для получения микрокредита обращается лично в отделение Ломбарда, предъявляет документ, удостоверяющий личность, и предоставляет принадлежащее ему имущество, а именно изделие из золота или транспортное средство, под залог которого он намерен получить микрокредит.
- 2.2. Работник Ломбарда производит осмотр и оценку имущества, в соответствии с утвержденными Ломбардом порядком и расценками, затем озвучивают сумму микрокредита, возможную к получению.
- 2.3. Заявитель озвучивает сумму, которую он намерен получить на руки, в пределах озвученной ему суммы, возможной к получению и подает заявление на получение микрокредита.
- 2.4. При положительном решении работник Ломбарда оформляет договор о предоставлении микрокредита.
- 2.5. Ломбард вправе отказать заявителю с предоставлением микрокредита без объяснения микрокредита, а заявитель вправе отказаться от заключения договора.
- 2.6. Работник Ломбарда до заключения договора:
  - 2.6.1. знакомит Заявителя с настоящими Правилами, уведомляет, что они размещены в помещениях Ломбарда, на месте, доступном для обозрения, а также на сайте Ломбарда [www.lombard-partner.kz](http://www.lombard-partner.kz), знакомит с тарифами Ломбарда по предоставлению микрокредитов.
  - 2.6.2. информирует заявителя о его правах и обязанностях, связанных с получением микрокредита.
  - 2.6.3. предоставляет заявителю для ознакомления и выбора метода погашения микрокредита проекты графиков погашения, рассчитанных различными методами, за исключением микрокредитов, указанных в пункте 3-1 статьи 4 Закона.
  - 2.6.4. предоставляет заявителю полную и достоверную информацию о платежах, связанных с получением, обслуживанием и погашением (возвратом) микрокредита.

## **3. Порядок заключения договора о предоставлении микрокредита**

- 3.1. Договор о предоставлении микрокредита (далее Договор) заключается между Заемщиком и Ломбардом в порядке, предусмотренном статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан путем подписания Заемщиком на бумажном носителе Заявления о присоединении (Залоговый билет) в двух экземплярах, по одному для каждой из сторон. Подпись Заемщика на Залоговом билете свидетельствует, что Заемщик прочитал, понял и принял Договор в полном объеме без каких-либо замечаний и возражений и присоединился к нему в целом.
- 3.2. Заявитель предоставляет Ломбарду информацию и документы, необходимые для заключения Договора, в том числе:
  - 3.2.1. оригинал документа, удостоверяющего личность заявителя (после идентификации личности документ возвращается заявителю);
  - 3.2.2. согласие Заемщика на сбор и обработку персональных данных;
  - 3.2.3. согласие Заемщика на выдачу кредитного отчета, получателям кредитного отчета и органы внутренних дел;
  - 3.2.4. согласие Заемщика на предоставление информации о нем в кредитные бюро и органы внутренних дел;



3.2.5. сведения необходимые для соблюдения требований законодательства Республики Казахстан о противодействии легализации (отмыванию доходов) противодействия легализации (отмыванию) доходов полученных преступным путем и финансирования терроризма.

#### **4. Предельные суммы и сроки предоставления микрокредита.**

- 4.1. Ломбард предоставляет микрокредиты в размере, не превышающем восьмитысячекратного размера месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.
- 4.2. Предельный срок предоставления микрокредитов – до 12 (двенадцати) месяцев.
- 4.3. Срок одного микрокредита в размере, не превышающем пятидесятикратного месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год не превышает 45 (сорока пяти) календарных дней.
- 4.4. По соглашению сторон, возможно увеличение (продление) срока действия Договора на действующих или улучшающих условиях.
- 4.5. Стандартный срок погашения микрокредита составляет тридцать календарных дней с даты предоставления микрокредита и указывается в Договоре.

#### **5. Предельные величины ставок вознаграждения по предоставляемым микрокредитам.**

- 5.1. Предельное значение вознаграждения по микрокредитам не превышающем пятидесятикратного месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год составляет 20% (двадцать процентов).
- 5.2. Предельная ставка вознаграждения по микрокредитам, предоставляемым на срок до 12 (двенадцати) месяцев, размер которых превышает 50 (пятьдесят) месячных расчетных показателей, установленных на текущий финансовый год не превышает 56% (пятьдесят шесть процентов) годовых.
- 5.3. Ставки вознаграждения различаются в зависимости от кредитного продукта и суммы микрокредита. В каждом Залоговом билете указываются ставка вознаграждения или значение вознаграждения (по микрокредитам, предусмотренным пунктом 3-1 статьи 4 Закона) и годовая эффективная ставка вознаграждения по микрокредитку.

#### **6. Порядок выплаты вознаграждения по предоставленным микрокредитам.**

- 6.1. За пользование микрокредитом Заемщик выплачивает вознаграждение в размере и сроки, установленные Залоговым билетом.
- 6.2. Выплата вознаграждения за пользование микрокредитом осуществляется согласно графику погашения, прилагаемому к Залоговому билету.
- 6.3. Допускается частичное, досрочное погашение микрокредита, при условии полного погашения начисленного вознаграждения. При этом вознаграждение за дальнейшее пользование микрокредитом, исчисляется на остаток суммы основного долга.

#### **7. Требования к принимаемому Ломбардом обеспечению.**

- 7.1. Исполнение Заемщиком обязательств по Договору обеспечивается залогом.
- 7.2. В качестве обеспечения исполнения обязательств по договору принимается ликвидное движимое имущество свободное от юридических притязаний третьих лиц.
- 7.3. Залогодателем может выступать только собственник. Залогодатель, одновременно должен являться Заемщиком.
- 7.4. В качестве обеспечения микрокредита Ломбард вправе принимать следующее имущество:

- 7.4.1. Ювелирные изделия и лом драгоценных металлов;
- 7.4.2. Техника в технически исправном состоянии;
- 7.4.3. Прочее движимое имущество, за исключением объектов изъятых и гражданского оборота и запрещенных к принятию в залог Ломбарду законодательством Республики Казахстан.
- 7.5. В случаях предусмотренных законодательством Республики Казахстан, залог имущества, подлежащего государственной регистрации, должен быть зарегистрирован в органе осуществляющим государственную регистрацию прав на движимое имущество.
- 7.6. Заемщик, подписывая Залоговый билет, предоставляет свое согласие на внесудебную реализацию Ломбардом залогового имущества, в том числе без проведения торгов.

## **8. Правила расчета годовой эффективной ставки вознаграждения по предоставляемым микрокредитам.**

- 8.1. Годовой эффективной ставкой вознаграждения (далее – ГЭСВ) является ставка вознаграждения в достоверном, годовом, эффективном, сопоставимом исчислении по микрокредиту.
- 8.2. Правила расчета годовой эффективной ставки вознаграждения по предоставляемым микрокредитам разрабатываются и утверждаются уполномоченным органом.
- 8.3. Годовая эффективная ставка вознаграждения по предоставляемым микрокредитам рассчитывается по следующей формуле:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

где:

- n - порядковый номер последней выплаты заемщику;
- j - порядковый номер выплаты заемщику;
- S<sub>j</sub> - сумма j-той выплаты заемщику;
- APR - годовая эффективная ставка вознаграждения;
- t<sub>j</sub> - период времени со дня предоставления микрокредита до момента j-той выплаты заемщику (в днях);
- m - порядковый номер последнего платежа заемщика;
- i - порядковый номер платежа заемщика;
- P<sub>i</sub> - сумма i-того платежа заемщика;
- t<sub>i</sub> - период времени со дня предоставления микрокредита до момента i-того платежа заемщика (в днях)

- 8.4. Если при расчете годовой эффективной ставки вознаграждения полученное число имеет более одного десятичного знака, оно подлежит округлению до десятых долей следующим образом:

- 1) если сотая доля больше или равна 5, десятая доля увеличивается на 1, все следующие за ней знаки исключаются;

2) если сотая доля меньше 5, десятая доля остается без изменений, все следующие за ней знаки исключаются.

8.5.В расчет годовой эффективной ставки вознаграждения по микрокредиту включаются все платежи Заемщика, за исключением платежей (пени, штрафа) Заемщика, возникших в связи с несоблюдением им условий договора о предоставлении микрокредита по уплате основного долга и (или) вознаграждения.

## **9. Методы погашения микрокредита.**

9.1.Способ и метод погашения микрокредита, выбранный Заемщиком устанавливается в графике погашения микрокредита, являющегося приложением к Залоговому билету.

9.2.Ломбард до заключения залогового билета на сумму превышающую 50 (пятидесяти) месячных расчетных показателей, предоставляет Заемщику для ознакомления и выбора метода погашения микрокредита проекты графиков погашения, рассчитанных различными методами. Ломбард применяет следующие методы погашения микрокредитов – аннуитетный, дифференцированный и дополнительный.

9.2.1. методом дифференцированных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется уменьшающимися платежами, включающими равные суммы платежей по основному долгу и начисленное за период на остаток основного долга вознаграждение;

9.2.2. методом аннуитетных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется равными платежами на протяжении всего срока микрокредита, включающими увеличивающиеся платежи по основному долгу и уменьшающиеся платежи по вознаграждению, начисленному за период на остаток основного долга. Размеры первого и последнего платежей могут отличаться от других;

9.2.3. дополнительный метод погашения платежей, (по микрокредитам на срок до 30 календарных дней – единовременный платеж в конце срока микрокредита, свыше 30 календарных дней – вознаграждение ежемесячно с погашением основного долга в конце срока микрокредита).

9.3. Условия, указанные в пункте 9.2. настоящий Правил не распространяются на выдаваемые Ломбардом микрокредиты, суммы которых менее 50 (пятидесяти) месячных расчетных показателей и срок предоставления микрокредита не превышает 45 календарных дней. В этом случае Ломбард применяет дополнительный метод погашения платежей.

## **10. Общие условия по работе с неплатежеспособными Заемщикам**

10.1. Ломбард осуществляет взыскание задолженности в порядке и в случаях, установленных законодательством Республики Казахстан и Договором.

10.2. В целях взыскания просроченной задолженности по Договору Ломбард в соответствии со сроками и способами, предусмотренными Договором уведомляет Заемщика, о возникновении просрочки по исполнению обязательств и необходимости внесения платежей по Договору, праве Заемщика обратиться в Ломбард, а также последствиях невыполнения Заемщиком своих обязательств.

10.3. В случаях неудовлетворения требования, предусмотренного подпунктом 1) части первой пункта 1 статьи 9-2 Закона, а также нереализации Заемщиком по Договору прав, предусмотренных пунктом 2 статьи 9-2 Закона, либо отсутствия согласия между Заемщиком и Ломбардом по изменению условий Договора Ломбард применяет меры, предусмотренные Законом и Договором.

10.4. Реализация предмета залога, а также переход такого имущества в собственность Ломбарда по Залоговому билету, за исключением имущества, залог которого подлежит обязательной регистрации, могут быть осуществлены без проведения торгов не ранее одного месяца после истечения срока погашения микрокредита.

10.5. Реализация предмета залога, подлежащего обязательной регистрации, осуществляется путем проведения публичных торгов не ранее одного месяца после истечения срока погашения микрокредита. В случае нереализации предмета залога, подлежащего обязательной регистрации, на публичных торгах в течение шестидесяти календарных дней со дня начала торгов предмет залога переходит в собственность ломбарда.

## **11. Порядок рассмотрения обращений Клиентов**

11.1. Клиенты вправе обращаться в Ломбард с жалобами и предложениями по вопросам, возникшим в процессе предоставления услуг, связанных с деятельностью Ломбарда:

1) в письменной форме, с представлением обращения нарочно, почтовой связью или на электронную почту. При нарочном предоставлении письменного обращения Ломбард проставляет отметку на копии обращения, подтверждающую его прием;

2) в устной форме по телефонам Контактного центра или при непосредственном посещении Ломбарда. Обращения, поступившие в Ломбард в устной форме, рассматриваются незамедлительно и если есть такая возможность, то ответ на устное обращение Клиента предоставляется сразу. В случае если устное обращение не может быть разрешено незамедлительно, оно излагается Клиентом в письменной форме и с ним ведется работа, как с письменным обращением. Клиент информируется о необходимых процедурах для получения ответа и сроках рассмотрения таких обращений.

11.2. Письменные/устные обращения Клиентов подлежат обязательному приему и регистрации Контактным центром/ Канцелярией, а также рассмотрению руководством Ломбарда, уполномоченными лицами и ответственным (и) работником (ами) Ломбарда.

11.3. Письменное/устное обращение Клиента, не требующее получения дополнительной информации и сведений от иных субъектов, должностных лиц либо проверки с выездом на место, рассматривается в течение пятнадцати календарных дней со дня поступления в Ломбард.

11.4. Письменное/устное обращение Клиента, для рассмотрения которого требуются получение информации от иных субъектов, должностных лиц либо проверка с выездом на место, рассматривается и по нему принимается решение в течение тридцати календарных дней со дня поступления в Ломбард.

11.5. При необходимости проведения дополнительного изучения или проверки письменного обращения, срок рассмотрения может быть продлен не более чем на 30 (тридцать) календарных дней. При этом работник Ломбарда, ответственный за рассмотрение обращения, направляет в адрес Клиента уведомление в письменном виде либо через каналы электронной связи, в случае, если обращение поступило по электронным каналам связи (факс с подтверждением факта направления ответа, электронная почта) о продлении срока рассмотрения обращения. Уведомление Клиенту о продлении сроков рассмотрения направляется в течение 3 (трех) календарных дней со дня продления срока рассмотрения обращения.

11.6. При рассмотрении обращений Клиента Ломбард обеспечивает объективное, всестороннее и своевременное рассмотрение, а также информирование Клиента о результатах рассмотрения и принятых мерах. В случае обоснованности и правомерности обращения Клиента Ломбард принимает решение об устранении нарушения и восстановлении прав и законных интересов Клиента.

11.7. Письменный ответ Клиенту о результатах рассмотрения оформляется на государственном языке или языке обращения, подписывается уполномоченным лицом Ломбарда и направляется Клиенту по почте заказным письмом с уведомлением или путем вручения под роспись лично в руки при явке Клиента в Ломбард, с отражением соответствующей отметки в журнале регистраций письменных обращений. Письменный ответ Клиенту, обратившемуся в Ломбард по электронной почте, направляются ему также по электронной почте на электронный адрес, указанный в его обращении.

11.8. Лицо, обращающееся с устной, письменной или электронной жалобой несет персональную ответственность за дачу ложных сведений и клевету о сотрудниках Ломбарда и ее деятельности

## **12. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

12.1. Копия настоящих Правил размещается на месте, доступном для обозрения и ознакомления Заемщиком (заявителем) Ломбарда, в том числе на интернет-ресурсе Ломбарда [www.m-lombard.kz](http://www.m-lombard.kz).

12.2. Договор о предоставлении микрокредита, к которому Заемщик присоединяется подписывая Залоговый билет (п. 3.1. настоящих Правил) размещены на сайте Ломбарда [www.m-lombard.kz](http://www.m-lombard.kz)

12.3. Ломбард вправе в одностороннем порядке вносить изменения и дополнения в настоящие Правила.

12.4. Любые изменения и дополнения в настоящие Правила утверждаются Единственным учредителем Ломбарда.

12.5. В случае, если отдельные нормы настоящих Правил вступят в противоречие с законодательством Республики Казахстан, они утрачивают силу и применяются соответствующие нормы законодательства Республики Казахстан. Недействительность отдельных норм настоящих Правил не влечет недействительности других норм и Правил в целом.

12.6. Вопросы, не урегулированные настоящими Правилами, подлежат разрешению в соответствии с внутренними документами Ломбарда, законодательством Республики Казахстан, а также общепринятыми стандартами профессиональной деятельности на финансовом рынке.

12.7. Настоящие Правила вводятся в действие с 01.10.2021 года. Со дня введения в действие настоящих Правил признаются утратившими Правила предоставления микрокредитов в Ломбарде от 30.11.2020 года.